

Алғабас ауылдық округі әкімінің
2016 жылғы « 22 » желтоқсандағы
№ 14 өкімімен бекітілген

**"Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Алғабас ауылдық округі
әкімінің аппараты" ММ 2017-2019 жылдарға арналған
бюджеттік бағдарламаласы**

Бюджеттік бағдарламаның коды және атауы: 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»

Бюджеттік бағдарлама басшысы: Ауылдық округтің әкімі Несіпбаев Шегебай Нұрмұханұлы

Бюджеттік бағдарламаның нормативті-құқықтық негізі:

2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексі, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы № 74 «Базалық лауазымдық жалақы мен түзету коэффициентінің мөлшерін бекіту туралы», 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы», 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Жарлықтары, 30.08.1995 жылғы ҚР Конституциясы

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты: Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары

мазмұнына байланысты: мемлекеттік қызметті, өкілеттілігін және соның ішіндегі мемлекеттік қызметтерді іске асыру

іске асыру тәсіліне қарай: дара бюджеттік бағдарлама

ағымдағы/даму: ағымдағы

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қойылған міндетті максималды жақсы орындау үшін ауылдық округ әкімінің аппарат қызметін қамтамасыз ету

Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік саясатты өткізу және түсіндіру; ауылдық округі әкімінің аппаратын қамту; құқықтық реформаның жүзеге асырылуы, заң және тәртіп; жеке және заңды тұлғаларды қабылдауды ұйымдастыру; ҚР Конституциясын, ҚР заңдарын ұйымдастыру және орындауын қамтамасыз ету.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме): Штат санының лимиті шегінде мемлекеттік органға қойылған функцияларды орындау мақсатында ауылдық округ әкімінің аппаратын қамту

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2015 ж.	2016 ж.	2017ж.	2018ж.	2019 ж.
Штат санының лимиті шегінде ауылдық округ әкімінің аппаратын қамту	мың теңге	9526,4	11 600	14584	12018	12343
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге	9526,4	11 600	14584	12018	12343

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: 011 Республикалық бюджет есебінен

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына байланысты: мемлекеттік қызметті, өкілеттілігін және соның ішіндегі мемлекеттік қызметтерді іске асыру

ағымдағы/даму: ағымдағы

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): «Б» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің еңбек ақыларын төлеуді, сонымен қатар бөлімнің басқада қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша және еңбектің арнайы шартымен үстемақы төлеуді қамтамасыз ету

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2015 жыл	2016 жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
				2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1.Бөлінген трансферттер аясында бөлімдегі штат қызметкерлеріне еңбекақыны жоғары деңгейде төленуді уақытылы қамтамасыз ету: Лауазымдық қызметінің 30%-ға көтерілуін есепке ала отырып еңбекақылары төленетін,	бірлік	-	5	-	-	-

қызметкерлер саны						
2.Бөлінген трансферттер аясында, лауазымдық қызметақыға еңбектің арнайы шартымен ай сайын үстемақы және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша, мемлекеттік емес қызметкерлердің еңбекақыларын уақытылы есептелуін қамтамасыз ету:						
- еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі арқылы есептелетін, қызметкерлер саны	бірлік	1,5	1,5	-	-	-
- лауазымдық қызметақыға еңбектің арнайы шартымен үстемақы алатын қызметкерлер саны	бірлік	1,5	1,5	-	-	-
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерге еңбекақыларының 30%-ға көбеюі	мың теңге		1950			
Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша үстемақы		97	74			
Еңбекақыға арнайы шартпен үстемақы			151			
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге	97	2175	0	0	0

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы 015 Жергілікті бюджет есебінен

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына байланысты: мемлекеттік қызметті, өкілеттілігін және соның ішіндегі мемлекеттік қызметтерді іске асыру

ағымдағы/даму: ағымдағы

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): Штат санының лимиті шегінде мемлекеттік органға қойылған функцияларды орындау мақсатында ауылдық округ әкімінің аппаратын қамту

